



САЛТАНАТТЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» Медицина қызметкерлері күніне арналған «Сыр медицинасының ғаламат ғасыры» атты салтанатты шара өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары, медицина саласының қызметкерлері мен ардагерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, Сыр медицинасының бүгінгі беталысы мен алдағы жоспарларға тоқталды.

«Дәрігер – ең ізгі мамандық иесі. Сіздер халқымыздың әл-ауқатын арттыруға, дені сау ұлт қалыптастыруға бағытталған жаңа реформалар мен бағдарламаларды сәтті жүзеге асыру жолында жауапты міндет атқарып келесіздер. Нағыз дәрігер үшін ең жоғары құндылық – халықтың ыстық ықыласы мен алғысына бөлену. Бүгінгі мерейлі мерекеде сіздердің өлшеусіз еңбектеріңізге барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан алғыс айтып, зор ризашылығымызды білдіремін.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Ақордада өткен дәрігерлермен кездесуде «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі – еліміздегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші», – деген болатын. Аймағымызда Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен халық денсаулығын нығайтуға, медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда салаға 441 млрд. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді.

Президентіміздің бастамасымен



қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан жаңадан салынып, іске қосылды. Төрт көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыстар, емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана бой көтеруде. Соңғы үш жылда 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өтті. Халық сұранысына сәйкес барлық елді мекендегі денсаулық сақтау мекемелері санитарлық автокөлікпен 100 пайыз қамтылып, мәселе түбегейлі шешімін тапты. Жакында Қызылордада өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кадрларды тұрақтандыру үшін өңіріміздің денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арнап 100 пәтерлік тұрғын үй салу туралы шешім қабылдадық. Қазір құрылыс басталды, жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға берілімек.

Өткен жылы 15 дәрігер Түркиядағы, биыл 41 маман Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі алдыңғы қатарлы



клиникаларда біліктілік арттырды. Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз үшін тағы да алғысымызды білдіреміз! Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік басқосуда қажыры мен қайратын, білімі мен біліктілігін



Тоғызбаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы табысталды. Мерекеде медицина қызметкерлері Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медаліне, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Кейінгі жылдары өңіріміздің медицина саласына бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыс орнатылған. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд. теңгеден астам қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында, Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Жакын күндері Арал ауданында осындай орталық пайдалануға беріледі. Сирек кездесетін дертке шалдыққандарға қажетті дәрі-дәрмек сатып алынды. Қор облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге болатын, еліміздегі 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады.

ұлт саулығына арнаған медицина қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Қызылорда қалалық көпбейінді ауруханасының кеңесші хирург дәрігері Юрий Фотиади «Құрмет» орденімен, «Қазлепрозорний» мекемесі Тасбөгет бөлімшесінің меңгерушісі Анаркүл Нұрғалиева «Шапағат» медалімен марапатталып, сала ардагері Асылбек

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР АРАСЫНДА БАЙҚАУ ӨТЕДІ

Биыл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтарының» жылы болып жарияланды. Осыған орай, қалалық жастар орталығы «Жұмысшы мамандықтарды насихаттау» әлеуметтік жобасын іске қосты.

Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен баспасөз конференциясында қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабек толық ақпарат беріп өтті.

- Бұл жобаның мақсаты - техникалық және кәсіптік саладағы талантты жастарды анықтау, сол саладағы жас мамандардың

жеткен жетістіктеріне қарай қолдау көрсету, азаматтық белсендіктерін арттыру. Жоба аясында жетістікке жеткен жастардың еңбегін көрсетіп, еркін форматта пікір алмасу бойынша «JastarX» алаңдары құрылды. Келесі кезекте жас тігіншілер, аспаздар, дәнекерлеушілер, тас қалаушылар, электриктер секілді мамандық иелерінің арасында байқау ұйымдастыру жоспарлануда. Аталмыш байқауларға Қызылорда қаласының 16-34 жас аралығындағы азаматтары қатыса алады. Қатысушыларға орталық тарапынан барлық ресурстық көмек көрсетіледі. Қазіргі таңда

қатысушыларды тіркеу жұмыстары басталды, - деді Медет Ерданаұлы.

Әр байқау бағыты бойынша жеңімпаз атанған жасқа 150 000 теңгені құрайтын қаржылай сыйақы табысталады. Жеңімпаздар мен қатысушылар білікті кәсіби мамандардың және арнайы спикерлердің қатысуымен өтетін «Жұмысшы мамандықтар» форумында марапатталады. Қатысуға ниетті жастар 8 776 567 32 32 байланыс нөмірі арқылы немесе орталықтың әлеуметтік желідері паракшасы (Qosyl Qyzylorda Jastar Ortalygy) арқылы қосымша ақпарат алуына болады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды.

Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРДІ

2025 жылы 16 маусымнан бастап Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындау және төлеудің жаңартылған қағидалары күшіне енді.

Жаңашылықтардың басты мақсаты – жүйені анағұрлым нақты әрі әділ ету. Енді мемлекеттік көмек рәсімдеу кезінде өтініш берушінің табысы ғана емес, шығындары да ескеріледі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жоспары бойынша, бұл өзгеріс шынымен мұқтаж жандарды анықтап, көмекті дәл сол адамдарға бағыттауға мүмкіндік береді. Өтініш берген кезде барлық қажет деректер «электронды үкімет» жүйесі арқылы автоматты түрде жиналады. Ақпарат түрлі мемлекеттік органдардың дерекқорынан алынады. Тіпті банк карталары арқылы жасалған шығындар да есепке алынады. Сондай-ақ азаматтың асырауындағы адамдардың оқып жүргені, алименттің тағайындалуы, еңбекке жарамдылығы мен біліктілік деңгейі де тексеріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес, 2024 жылы АӘК төлемдеріне 39,5 миллиард теңге жұмсалған. Ал 2025 жылы 1 миллион адамға атаулы әлеуметтік көмек төлеу үшін 132,9 миллиард теңге қарастырылған.



Мың алғыс, дәрігерге!

Бүгінгінің қаһарманы – дәрігерлер,
Өмірге тіршіліктің нәрін берер.
Арналысып ажалмен күндіз-түні,
Солар ғой нағыз ерлер, жасуыңгерлер.

Төгер шақта нұрын жерге көктен құн
Дәл кезінде жасыл желек көктемнің,
Көрінбейтін тажалменен айқасып,
Көпке мәлім, қандай еңбек еткенің.

Қалдырып өз тірлігін, ошақ қасын,
Балаларына теміртіп босағасын.
Басқалардың өмірін жүр күзетіп,
Бір Аллаға тапсырып, өз отбасын.

Өз жанын салған қатер-әбігерге,
Абзал жан, жарық сәуле,
Жалын кеуде.
Бүгінгінің жанкешті батырлары,
Мың алғыс айтайықшы, дәрігерге!



ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Қала әкімдігінде экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша жұмыс тобының отырысы өтті. Онда қалалық қоғамдық даму, мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру, спорт және туризм, білім бөлімдерінің басшылары, өкілдері экстремизм мен

терроризмнің алдын алу бағытында атқарылған шаралар туралы баяндады. Жұмысшы топ мүшелері осы саладағы өзекті мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерге тоқталды. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу – баршамызға ортақ міндет!

ФОРУМ ӨТТІ

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Заң және Тәртіп» қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мен өзара іс-қимылдың басымдықтары» тақырыбында форум өтті.

Алқалы жиынға ҚР Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Абзал Құспан, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы қоғамдық қауіпсіздік пен заңдылықты қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындады.

«Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама» бекітіліп, нақты міндеттер белгіленді. Өңірімізде «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыруда облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлымен бірлесіп кешенді шараларды қолға алып, жаңа бастамаларға үздіксіз қолдау көрсетіп келеміз. Құқық қорғау органдарымен бірлесе жүргізілген кешенді әрі үйлесімді шаралардың нәтижесінде өңірімізде ахуал тұрақты. Статистикалық ақпараттарды салыстырмалы түрде қарасак, аймақта 2015 жылы 6 мыңға жуық қылмыс тіркелген болса, нақты жұмыс нәтижесінде бұл көрсеткіш 1158-ге дейін азайды. Соңғы үш жылда құқық бұзушылық көрсеткіші едәуір қысқарды.

Бүгінде тіркелген қылмыстық



құқық бұзушылық саны бойынша Қызылорда облысы республикадағы ең төменгі позицияда, яғни 20 өңірдің ішінде 19-шы орындамыз. Біздің міндет – тек көрсеткішті ғана емес, құқық бұзушылықты тұрақты түрде төмендету. Жол-көлік оқиғаларын азайтуда жол инфрақұрылымын дамытуға басымдық бердік. Түрлі гаджеттер мен смартфондағы бағдарламалар көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуыл схемалары сәт сайын өзгеріп жаңаруда. Қаржы пирамидалары, лудомания, интернет буллинг азаматтарды қиын жағдайда қалдыруда.

Мүдделі құқық қорғау

органдары қолда бар ресурстармен шектелмей, қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қоятын жаңа тетіктерді дамытуы тиіс. Осы бағыттағы қылмыстарды анықтауда жасанды интеллектті пайдалану – орнықты шешімнің бірі. Форум – біздің алдағы жұмыстарымызды жаңа формацияда жүргізуге өз септігін тигізеді деп сенемін», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Дүйсенбаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы, Парламент Мәжілісінің

депутаттары Мұрат Әбенев пен Абзал Құспан сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Құқық бұзушылықтардың алдын алуда ерекше белсенділік танытып, киберкеңістіктегі заңсыз әрекеттердің жолын кесуге үлес қосқан мамандарға облыс әкімінің сыйлық сертификаттары мен облыс прокурорының Алғыс хаты табысталды. Соңғы үш жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл бұл мақсатқа 2 млрд. 800 млн. теңге қаралып, заманауи құрылғылармен, жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Республикада алғашқы болып облыстың барлық ауданында полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары ашылды. Қауіпсіздікті күшейту, жедел әрекет ету мақсатында бейнебақылау камераларының желісі көбейтілді. Барлық ауданға құны 2 млрд. 200 млн. теңге болатын 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшейтін камера орнатылды. Соңғы жылдары полиция қызметкерлеріне заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды. Биыл тағы 31 қызметтік автокөлік тапсырылып, арнайы құрал-жабдықтар көбеймек. Бұл мақсаттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Ашықтық қағидатына сәйкес қала, аудандарда құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге қоғамдық қабылдаулар тұрақты өткізіліп келеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімділігін арттырып, әділетті қоғам құруға тын серпін бермек.



МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов пен Абзал Құспан Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысандар жұмысымен танысты.

Халық қалаулылары алдымен қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркінің жұмысын көрді. Мұнан соң сол жағалауда жаңадан бой көтерген 11 мың орындық жаңа заманауи үлгідегі стадионның құрылысымен танысып, жаңадан ашылған облыстық тарихи - өлкетану мұражайы, Оқушылар сарайы, Физика – математика бағытындағы мектеп – интернаты, Үстел теннисі орталығы, Қазанғап атындағы музыкалық колледж және «Сыр жұлдыздары» инновациялық - шығармашылық академиясының жұмысын көрді. Нысандарға тоқталып өтсек, 6 гектарға жуық аумақты қамтитын қалалық демалыс паркін қайта жөндеу жұмыстарына 6,3 млрд. бөлінген.

Мұнда жаңа аттракциондар қойылып халықтың демалуына жәрпалық жағдай жасалған. Стадионға келсек, жаңа спорт нысаны тек футбол алаңымен шектелмейді. Мұнда бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таеквондо және фитнеске арналған арнайы залдар қарастырылған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Заманауи талаптарға сай салынып жатқан нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ал, қасиетті Сыр өңірінің баға жетпес тарихи-мәдени мұрасын сақтау және кеңінен насихаттау мақсатындағы жаңа музей сандық және мультимедиялық технологиялармен жабдықталған. Музейдің 85 жылдық тарихында алғаш рет типтік ғимарат қор сақтау қоймаларымен жабдықталған. Қазіргі уақытта музей қорында 67 613 экспонат сақталған. Музейдің жаңа экспозицияларында аймақтың флорасы мен фаунасы, палеонтология, археология және этнография, Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы көрсетіледі. 11 залдан тұратын мұражайдың тақырыптық құрылымы, жабдықтары мен безендірілуі жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып, 3D модельде жасалған. 350 орынға арналған Оқушылар сарайы заманауи үлгіде бой көтерген. Көп функционалды кешенде техноорталық, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары бар. Оқушылар

экологиялық зертхана, жылыжай, телестудия және шығармашылық үйірмелерінде де білімдерін жетілдіруде. Ал, үстел теннисі орталығын салуға облыстық бюджеттен 2,5 млрд теңге және «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 млн теңге қаржы бөлінген. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс жасауда.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыған. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын. «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академия бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді. Әрбір әлеуметтік нысанның құрылысын көріп, жұмысымен танысқан Мәжіліс депутаттары өңірдегі атқарылып жатқан ризашылықтарын білдіріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.



193,7 ГЕКТАР ЖЕРГЕ ЕГІН ЕГІЛЕДІ

Биыл Шардара және Көксарай су қоймаларындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Екі нысаннан Сырдарияның төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберіледі. Жалпы, облыс аумағындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда азайып отыр. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов және «Қазсушар» РМК филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев айтты.

- Биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Оның ішінде күріш - 80,9 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,7 мың гектарға аз. Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып 8,1 мың гектар жерге егін орналастыру көзделген. Ерте егілгін дақылдар толық көлемде орналастырылып, күтімге алу шаралары жүргізілуде. 49,9 мың гектар ескі жоңышканың 47,7 мың гектары оруға жоспарланып, оның 16,3 мың гектары орылып, 42,7 мың тонна өнім алынды. Орта өнім - 26,4 ц/га. Халықты әлеуметтік маңызы бар өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында 5,1 мың отбасына 3,3 мың гектар жер бөлініп, 2,8 мың гектарына дақылдар орналастырылған. Тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай, техникамен толық қамтамасыз

етілген. Көктемгі дала жұмыстары тұрақты бақылауда, - деді Талған Тұрсынұлы.

- Бүгінгі күні Шардара су қоймасындағы су көлемі 3510,0 млн текше метрді құрап отыр. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір төмендеген. Былтыр 4943 млн текше метр болған. Қоймадан төменге тасталып жатқан су көлемі - 300 текше метр. Көксарай су реттегішінде де жағдай осындай. Су көлемі 165,89 млн текше метр. Былтыр бұл көрсеткіш 461,76 млн текше метрді құраған. Қазіргі таңда төменге 200 текше метр/сек су жіберіледі. Бұл да өткен жылғы 300 текше метрден аз. Шардара мен Көксарайдан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберіледі. Қызылорда облысы шекарасына Көктөбе су бекеті арқылы секундына 594 текше метр су келуде. Ал торапқа дейінгі каналдар арқылы 390,64 текше метр су алынууда, бұл өткен жылмен салыстырғанда сәл жоғары. Өйтсек су торабынан төменге 5 текше метр су жіберіледі. Бұл көрсеткіш өзгеріссіз қалды. Қараөзек арнасымен 35 текше метр су беріледі. Қазалы су торабынан төменге жіберілген су көлемі 12 текше метрді құрады. Шардара су қоймасымен Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынып, жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су шаруашылық жағдайына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде, - деді Зейнулла Қазтоғанов.

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, құрылыс жұмыстарының барысы мен сапасы талқыланды.

Аймақ басшысы облыс, аудан орталықтары мен елді мекендердегі тазалық, көркейткі шараларына күнделікті әрі жүйелі бақылау ұнатуды тапсырды.

«Жаз мезгілінде қала мен елді мекендердегі қоғамдық орындардың тазалығы, жайлылығы басты назарда болуы тиіс. Аппат ыстық басылған соң демалуға сыртқа шыққан халықтың, каникулдағы балалардың баратын орындарын күнделікті қадағалаңыздар. Саябақтар, демалыс аймақтары, жағажайлар мен балалар алаңдары таза әрі қауіпсіз болуы керек. Бұл іске тұрғындар да белсенді араласуы қажет. Тазалық сақтау тек коммуналдық қызметтердің ғана міндеті емес, баршаға ортақ жауапкершілік. Көше бойларының, аулалардың, қоғамдық орындардың тазалығы – мәдениеттің көрсеткіші. Үгіт-насихатпен қатар, тәртіп бұзушыларға қатысты нақты шаралар қолдану қажет», – деді Н.Нәлібаев.

Бұдан бөлек, жиында құрылыс нысандарындағы жұмыс сапасы, күрделі жөндеу жұмыстарының барысы қаралды. Аймақ басшысы құрылыс алаңдарын күнделікті қадағалауды тапсырды. Қала әкімдігіне ғимараттар сапасы мен пайдалануға беру мерзіміне қатысты жауапкершілікті қатаң бақылау жүктелді.

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

Елімізде алғаш рет ішкі істер органдарының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшесі құрылды. Бөлімшенің басты ерекшелігі – мұндағы қызметкерлердің басым бөлігі әйел адамдардан құралған. Бастама өз кезегінде зардап шегушілердің әйел қызметкерлерге оқиганын мән-жайын ұялмай ашып айтуына, яғни сенім факторына ықпал етеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының өкілі Ләйлә Туысбаева айтты.

– Биылғы жылдың сәуір айында облыс әкімінің қолдауымен бөлімге бөлек ғимарат беріліп, отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық саласында құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды азайтып, отбасын

сақтап қалу мақсатында отбасы мүшелеріне психологиялық әлеуметтік, құқықтық тегін кешенді көмек көрсету. Әйелдер мен балаларға қатысты жасалатын қылмыстың санын азайту және жәбірленушілердің полицияға деген сенімін арттыру, сонымен қатар полиция заң аясында

қолдауға, қорғауға әрқашанда дайын екенін түсіндіру. Орталық 10 кабинетпен жабдықталған. Оның ішінде тергеу, ювеналды полиция, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы, сот орындаушылар, жанер, психолог, теолог, еріктілер, медиатор және әлеуметтік қызметкерлер бар. Бұл жерде тек отбасылық – тұрмыстық саласындағы мәселе ғана емес, сонымен қатар алимент өндіру, дін аралық қарама-қайшылықтар да шешімін табады. Бөлімше мамандары жәбірленушілерді қорғап қана қоймай, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендірумен де айналысады. Агрессорларға мәжбүрлеп психологиялық көмек

көрсету жүйесі және әлеуетті құқық бұзушылармен жұмыс енгізілді. Айта кету керек, жыл басынан тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы өтініштер саны 42,2 пайызға қысқарды, бұл қорғау шараларының тиімділігінің артқанын көрсетеді. Сондай-ақ, 5-15 маусым аралығында облыс көлемінде «Отбасы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шара бойынша ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне алынған 467 адам тұрғылықты мекенжайы бойынша тексеріліп, олармен профилактикалық әңгімелер жүргізілді, - деді Ләйлә Бектұрғанқызы.



КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Қызылорда облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетовтің төрағалығымен облыстық мәслихаттың XXIII сессиясы өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық мәслихат

депутаттары мен облыстық баскарма басшылары қатысты.

Күн тәртібінде бес мәселе көтерілді. Атап айтқанда, облыстық мәслихаттың «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»

2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 130 шешіміне, «Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №143 шешіміне өзгерістер енгізу, «Қызылорда қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру», «Қызылорданың жасыл белдеуі» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау, Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымынан босату туралы мәселелер қаралды.

Сессия алдында өткен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында күн тәртібіне ұсынылған мәселелер егжей-тегжейлі талқыланған болатын. Соған сәйкес, депутаттардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, тиісті шешімдер қабылданды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін ең қауіпті және кең таралған әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылуы мүмкін, оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрге қарамастан кез келген елде сезіледі. Бірде-бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жоя алмады, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмендетуге болады.

Бұл – мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін, әлеуметтік-экономикалық дамуына қауіп төндіретін фактор. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай әшкерелеп отыр – ол басқа мәселе», - деді мемлекет басшысы.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізнен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа дедал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін

иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшы тараптан жалған қорытынды шығару т.б. атауға болады.

Қазақстан Республикасы - ол дамудың бастапқы кезеңдерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске көп көңіл бөлген пост кеңестік кеңістіктегі алғашқы ел және 1998 жылы 2 шілдеде № 267-І «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сонымен қатар, 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде лауазымды адамдар жасаған қылмыстар «Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар» 13 тарауда бекітілген. 1998 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі құрылды. «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдардың мемлекеттік қызметке кіруін шектеуге байланысты сыбайлас

жемқорлыққа қарсы бірқатар нормалар бекітілген, мемлекеттік қызметшілерге жаза қолдану тәртібі айқындалған.

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың жоғары деңгейінде үлкен көңіл бөлінуде. Біздің елімізде қазіргі заманға сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істейді, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар әзірленді және іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлық жана заманауи жағдайларға бейімделе отырып, онымен күресу тәсілдерін үнемі өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді, сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру -

мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Аманкелді ауылы бойынша мемлекеттік мекемелерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында 2024 жылы «Аманкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ және «Аманкелді ауылдық мәдениет үйі КМҚК - ның қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді . Ауыл тұрғындарына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түсіну және қабылдамау – бүкіл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

З.ЖАМАНКУЛОВ,
Аманкелді ауылдық округінің әкімі

МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Қармақшы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Шыңғыс Әбділәмитұлының төрағалығымен кезекті жұмыс мәжілісі өтті. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы мен бірқатар сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жан-жақты талқыланды.

Мәжілісте алдымен Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен қаржы игерілуі жайында жыл басынан бері атқарылып жатқан жұмыстары туралы мәліметтер ұсынылып, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуі туралы есеп берілді.

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бақытбек Жылтыров аудандағы қызметтік, коммуналдық және арендалық тұрғын үйлердің жай-күйі туралы баяндады. Сонымен қатар, егін егу жұмыстары, жер учаскелерін саудасаттық арқылы айналымға енгізу және пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бағытында

жүргізіліп жатқан шаралар баяндалды. Осыған сәйкес, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мен мониторинг жұмыстарын күшейту жұмыстарына қатысты тапсырмалар берілді.

Жиын қорытындысында аудан аумағындағы санитарлық тазалық жұмыстары бойынша қалдықтарды шығару, абаттандыру, көгалдандыру және тұрғындардың санитарлық мәдениетін арттыру міндеттері де сөз болды.

Қармақшы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ш.Әбділәмитұлы жиында қозғалған мәселелер бойынша жауапты бөлімдерге нақты тапсырмалар жүктеп, аталған бағыттар аясында жұмысты жүйелі жалғастыруды тапсырды.



КӨРМЕ АШЫЛДЫ

Парижде ұлы композитор, дирижер, Халық қаһарманы, қазақ музыкасының заңғар тұлғасы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Шабай бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты халықаралық көрменің салтанатты ашылуы өтті. Аса көрнекті өнер иесінің ғасырлық мерейтойы – тек қазақ халқы үшін ғана емес, барша өркениетті әлем үшін елеулі оқиға. Бұл маңызды дата ЮНЕСКО тарапынан халықаралық деңгейде аталып өтетін мерейтойлар қатарына енгізілді.

Аталмыш көрмеде Алматы қаласындағы Музейлер бірлестігінің қорынан алынған 70-ке жуық құнды жәдігер қойылған. Олардың қатарында композитордың өз қолымен жазған партитуралары, сирек фотосуреттері, жеке заттары, сондай-ақ Ахмет Жұбанов сыйға тартқан «Дарига домбыра» да бар. Көрменің ашылу салтанатына ЮНЕСКО-ға мүше елдердің елшілері, дипломатиялық миссия өкілдері, халықаралық ұйым қызметкерлері, Франция жұртшылығы мен сонда тұратын қазақ диаспорасы қатысты. Көрме 19 маусымға дейін жалғасады.



ФУТБОЛШЫЛАРҒА АВТОКӨЛІК СЫЙҒА БЕРІЛДІ

Өзбекстан ұлттық құрамасының барлық ойыншысы мен бапкерлік штаб мүшелеріне Қатармен өткен матчтан кейін бір-бір автокөліктің кілті табысталды.

Бұл сыйлық 2026 жылғы футболдан Әлем чемпионатына жолдама алып, тарихи жетістікке қол жеткізген команданың құрметіне арналды. Азия аймақтық іріктеу кезеңінің 10-турында Өзбекстан құрамасы Қатарды 3:0 есебімен ойсырата жеңіп, топтағы көшбасшы атанды. Осылайша команда 21 ұпай жинап, 1-орынға көтерілді. Енді олар 2026 жылы АҚШ, Канада және Мексикада өтетін Әлем чемпионатына қатысады.

МӘСЕЛЕЛЕР КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы аграрлық секторды дамыту жөніндегі республикалық кеңестің отырысы өтті. Онда агроөнеркәсіптік кешеннің кәсіпкерлік салаларындағы инвестициялық жобалары, оларды қаржыландыру, іске асыру және өндіріс үлесін арттыру тетіктерін қарастыру мәселелері талқыланды.

Кеңес отырысына бейне байланыс режимінде партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлі Төрешова, партия жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі аймақтық кеңес төрағасы, облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшесі Бақдәулет Макашов, сонымен қатар жауапты сала өкілдері қатысты.

Жалпы облысқа инвестиция тартуды тұрақты қамтамасыз ету мақсатында аймақтың агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 2025-2027 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасы бекітілді.

Жалпы Жол картасында құны 57,1 млрд. теңгені құрайтын 30

инвестициялық жоба қамтылған. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы 295 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Ағымдағы жылы жалпы құны 13,4 млрд. теңгені құрайтын 14 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланса, бүгінде 3 жоба іске қосылған. Олар: Жалағаш ауданы «Ер Әлі» ШҚ-ның күріш ақтау зауытының құрылысы, Арал ауданындағы «Қарашалаң балық» ЖШС-нің балық өнімдерін өндіретін зауыт құрылысы жобасы және Жанақорған ауданындағы «Қоғамберді Батыр» мал сою пункті. Жол картаға сәйкес, 2026 жылы құны 20,9 млрд. теңгені құрайтын 13 жоба, 2027 жылы құны 22,7 млрд. теңгені құрайтын 3 жобаны іске қосу межеленуде.

АИТВ ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ

Нашақорлық – біздің қоғамның басты медициналық-әлеуметтік проблемаларының бірі. Есірткіні тұтыну АИТВ таралуының басты факторы болып табылады. Қазіргі уақытта есірткі мейлінше қолжетімді болуда, нарықта жаңа есірткі заттарының өсімі көлемі пайда болуда және жастар арасында есірткі тұтынушылардың саны көбейе түсуде. Ішкі инъекциялық енгізу жолмен есірткіге тәуелді есірткі тұтынушылардың өсіп отырғандығы қатты алаңдатады, себебі инъекциялық есірткі тұтынатын адамдар (ИЕТА) есірткі заттарын бірлесіп ішіне енгізу үшін, олар ортақ залалсыздандырылмаған шприцтерді, ыдыстар мен

сүзгілерді пайдаланатындықтан АИТВ-жұқтырылуға шалдыққыш әлеуметтік проблемаларының бірі. Есірткіні сатушылармен тауарын «буып-туып» ретінде ұсынылатын шприцтер арқылы да берілуі мүмкін. Олардың инъекциялық жолмен немесе басқа жолмен тұтынуына қарамастан, кез-келген есірткі заттары тежеу тетігін басып-жаншиды, оларды мейлінше осал етіп, адамның психикасы мен мінез-құлқына әсер етеді. Адам өзіне – өзі бақылау жасаудан айрылып, өзіне АИТВ-ны және басқа да ЖКБЖ жұқтыру қаупіне соқтыратын, мүшекапсыз кездейсоқ жыныстық қатынас жасауы мүмкін.

Инъекциялық есірткі тұтыну жолымен жүктілігі, босанған және

баланы емшекпен емізген кезінде де АИТВ- «он» анадан АИТВ-ның балаға берілуінің өсуіне әкеледі. Біздің Орталықтағы жұмыс, халықтың осал топтары (ХОТ) арасында ауруға қауіп төмендетуге бағытталған. Осы мақсат үшін 2001 жылдан бастап облыс бойынша «Зиянын азайту» бағдарламасы енгізілді.

Бағдарламаның Стратегиясы ХОТ-тың қауіпті мінез-құлқын қауіпсіздік жағына қарай барынша төмендетуге бағытталған. Осы Бағдарламаны іске асыру үшін АИТВ орталығының жанында сенім пункті мен достық кабинеті жұмыс істейді, мұнда ИЕТА залалсыздандырылған инъекциялық құрал-саймандарын, қорғану құралдарын, қажетті

ақпаратты, мамандардың кеңесін алады және АИТВ-ға анонимді тексеріледі.

Дүние жүзінде және бізде АИТВ таралуының алдын алу үшін жалпы халық арасында және жастар арасында ағарту жұмысы белсенді пайдаланылады. Алайда, әрқашанда жанымызда қатарласып жүретін АИТВ мен нашақорлық ауруының алдын алудың даусыз фактісі – ең жақсысы: есірткіден толық бас тарту және есірткіге тәуелділікке тап болған адамдардың нашақорлықтан емделуі болып қала бермек.

Т.Ж.ДОСАЕВ,
АИТВ ОО Шиелі филиалының эпидемиолог көмекшісі

ОТА ЖАСАЛДЫ

Қызылордадағы көп бейінді облыстық ауруханада құрсақ қуысы артындағы үлкен түзілімді алып тастау бойынша ота жасалды. 56 жастағы Алтынбек Фазылов соңғы бес жылда бүйрегіндегі түзілімді алып тастау үшін үш мәрте ота жасатқан. Жуырда облыстық аурухананың хирургтері құрсақ қуысы артындағы 25 сантиметрлік түзілімді алып тастады. Пациент сауығып, әрі қарай емін жалғастыруда.

- Белім ауырып, аяқтарым қатты ісіп, басқа да белгілер маалады. Отадан кейін жақ-

сымын. МӘМС жүйесі аясында емді тегін алып жатырмын. Хирургтер Жасұлан Баймаха-

новка, Ербол Серікұлына, Асет Жалмағанбетовке және медикелерге мың алғыс, – дейді Алтынбек Фазылов.

Дәрігерлердің айтуынша, бұл өте сирек кездесетін түзілім. Мұндай жағдай барлық бүйрек ауруларының тек 1%-ында ғана кездеседі.

-Егер пациент емін дұрыс жалғастыратын болса, болашақта қайтадан түзілім пайда

болмайды. Мұндай отаның құны – 310 мың теңге. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылады. Мысалы, көршілес Өзбекстанда мұндай отаның 90%-ын науқастың өзі төлейді, – дейді көп бейінді облыстық аурухана директорының орынбасары Ербол Серікұлы.

«Ел тілегі» ақпарат

СТУДЕНТТЕР САҚТАНДЫРЫЛҒАН МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

Қазақстанда немесе шетелде күндізгі бөлімде оқитын студенттер жеңілдік санатына кіреді. Алайда, олардың сақтандырылған мәртебесін алу алгоритмі әртүрлі. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында еске салды.

Кімдер кіреді?

Орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімінде оқитын студенттер жеңілдік санатындағы азаматтар қатарына кіреді. Сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандықтар да осы санатқа кіреді.

Жарна төлеу керек пе?


Бұл студенттер үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Егер студент ресми түрде жұмыс істесе, жұмыс беруші оның жалақысынан жарна ұстамайды және өзі де аударым жасамайды.

Мәртебені қалай алуға болады?

Қазақстанда оқитын студенттер: «Сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде тағайындалады. Бұл үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДБ) немесе ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы (ЖББП) негізінде мәліметтер алынады. Бұл ақпараттар оқу орнының ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі. Мұнда ЖОО қызметкерлері студенттердің жеке деректерін, оқу кезеңі мен формасын дұрыс көрсетіп, деректерді уақытында жанартып отыруы маңызды.

Шетелде оқитын студенттер:

Мәртебе алу үшін студент өз деректерін электрондық үкімет порталы egov.kz арқылы «Шетелде білім алып жатқан студенттерді тіркеу» мемлекеттік қызметі арқылы өзі ұсынуы керек (https://egov.kz/cms/ru/services/6-51pass_mon). Ашылған



терезеде өтініш толтырып, оқып жатқанын растайтын құжатты (қазақ немесе орыс тіліне аударылған әрі нотариалды расталған оқу орнынан анықтама) қоса тіркеу қажет. Деректер дұрыс енгізілсе, мәртебе 10 жұмыс күні ішінде беріледі.

Мәртебенің берілмеу/жоғалу себептері

Қазақстанда оқитын студент мәртебе ала алмаса, оқу орнындағы ақпараттық жүйедегі мәліметтерді нақтылау үшін ЖОО-ға жүгінуі керек. Мұнда оқу мерзімі қате көрсетілуі немесе ЖСН дұрыс енгізілмеуі мүмкін. Шетелде оқитын студенттерде мәртебе бойынша қиындық туындаса, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жүгінуі қажет. Бұдан бөлек, әр семестр аяқталғаннан кейін egov.kz порталы арқылы өз оқып растап отыру маңызды.

Оқу аяқталғаннан кейін

Оқу орнын аяқтаған немесе оқудан шығарылған жағдайда студент жеңілдік санатындағылар қатарынан түсіп қалады. Сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін ол ресми жұмысқа орналасуы керек (бұл жағдайда жарналар мен аударымдарды жұмыс беруші төлейді) немесе жарналарды дербес төлеуші ретінде өзі төлейді (2025 жылы – ай сайын 4 250 теңге).

ҰЛЫ БИЛЕУШІНІ ЖЕҢГЕН ӘЙЕЛ ПАТША



Томирис – сақ халықтарын билеген атақты әйел патша. Осы күнге дейін ол жайында көптеген аңыз-әңгімелер айтылып келеді. Онда оның сұлулығы мен қайсарлығы, елі үшін еткен ерлігі жан-жақты бейнеленеді. Оған қоса патшайым жайында жазушылар том-том кітаптар жазса, режиссерлер көптеген фильмдер түсіруде. Тіпті балет те қойылды. Сонымен, Томирис деген кім?

Әкесінің тәрбиесінде болған

Аты аңызға айналған Томирис VI ғасырдың басында массагеттердің патшасы болған Спаргапстің отбасында дүниеге келген. Анасы сәби кезінде қайтыс болғандықтан, Томирис әкесінің қамқорлығында болды. Патшаға өзінің тақ мұрагері қыз екендігі қатты алаңдатпады. Өйткені сол уақытта көрші савроматтарда әйел адам ел басқарып, түрлі шайқастарда халқы мен жерін жаудан қорғап отырған. Сондықтан Спаргапис патша қызын кішкентайынан нағыз ержүрек, батыл әрі кез келген уақытты шешім қабылдайтын қайсар қыз ретінде тәрбиеледі. Тіпті соғыс тактикасын да үйрете бастады. Осылайша ел тізгіндегітін болашақ патшайым бес жасында асау атқа мінсе, алты жасында қолына семсер ұстауды үйренген. Ал он үш жасында Томирис қылышпаса мен найза атудың қыр-сырын меңгеріп алған. Сонымен қоса, ат жарыстарда оның баптаған тұлпары әрқашан бірінші келіп жүріпті.

Патша қызының бірбеткей мінезіне қарамастан, оған данагөй тәлімгер бола білді. Тіпті оны өскенде бүтіндей бір халықты басқаруға қабілетті патшайымның рөліне дайындай бастады.

Томирис болашақ күйеуін алғаш рет әкесі ұйымдастырған мерекедө көрген. Мұнда әкесі дұшпанға тойтарыс беру үшін тиграхаудтық одақтастарын шақырған еді. Содан мәмілесу аяқталған соң, тиграхаудтардың патшасы ұрысқа үлкен ұлы Рұстамды жібереді. Шайқас алаңында Рұстам шағындау болса да, ең таңдаулы әрі жақсы қаруланған отрядты басқарды. Құлдіретті және кез-келген тұстан жойқын соққы жасап, жеңіске жеткен батыр Рұстамның даңқы бүкіл кең далаға тарайды. Есімі шартарапқа жайылған әйгілі тиграхаудты көру үшін патшаның еліне жан-жақтан жүрт жиналды. Кездесу барысында Рұстам батыр массагеттік батырларды әзілдеп найзамен семсерлесуге шақырады. Бір уақытта күтпеген жерден алаңға Спаргапстің қызы Томирис шыға келгенде, жігіт шын сасалды. Бірақ та аруды ренжітпей бұл ұрыстан қалай бастарту керектігін білмей дал болған. Көпшілік қызыға тамашалаған бұл ұрыста қос тарап та теңбе-тең семсерлессе де, шайқас соңында батырдың қылышы патша қызының мойнына тақалған. Жауынгер бірден қолындағы қылышын лақтырып жібереді. Ал Томирис өзінің қарсыласы болған патша ұлының батырлығы мен ержүректілігін ерекше бағалайды. Сөйтіп, бойжеткен көп ұзамай тиграхаудтардың билеушісі Рұстамға тұрмысқа шығады.

Есімі әйгілі болған баһадүр әйелінің еркелігіне көнсе да, өжет мінезін жеңе алмады. Оған қоса, аккөңіл әрі сенгіш күйеуін тайпаның көсемдері өз мақсаттарына пайдалану арқылы өтініштерін патшайымға жеткізіп отырғаны Томирисі қатты ойландырды. Бұл келеңсіздіктің бәрі отбасылық жанжалдарға әкелді. Ал әкесі қайтыс болғаннан кейін, Томирис жалғыздықта оқшауланады.

Массагеттердің патшайымы – Томирис

Билік басына келген кезде Томирис патшайым болудың ауырталпығын сезінді. Осы уақытта тайпа көсемдері ел тізгіндегін жаңа патшайымды тақтан құлатуды армандап, түрлі қитұрқы істерді ойластырады. Ал Томирис болса бала кезінен әкесінің үйреткен сабақтарын еске түсіре отырып, ақыл-ой мен айла, сұлулық пен сүйкімділікті пайдаланып, мәселелердің шешу жолдарын тауып отырды.

Тиграхаудтардың патшасы қайтыс болғаннан кейін Рүстем тақтан өз еркімен бас тартып, билік тізгінін ағасына бергені Томириске ұнамады. Осы уақытта патшайым ұл босанып, оған әкесінің құрметіне Спаргапис деген ат қояды. Массагеттердің патшайымы нағыз әйелдік айла-

тәсілі және арамдығымен жауларының ең жақсы әрі пайдалы тұстарын бойына сіңіре білді. Осы кезде мықты соғыс стратегіне айналған Томирис көршілерімен болған ірі-ірі шайқастарды бірінен соң бірін жеңген еді.

Тайпа көсемдерінің қарсылық танытуына қарамастан патшайым шабандоздарды басынан аяғына дейін сауыт-саймандар кигізіп, аттарын да қажетті жаракатмен жабдықтады. Ал скиф соғыстарының тарихында бұл атты әскер бірнеше рет шешуші шайқастарда жақсы нәтиже көрсетіп отырған.

Бір күні Томирис жауынгерлерінің бірі кішкентай ысқырықты жебенің ұшына салып, атқан кезде қорқынышты дыбыс шығарғанын байқап, бірден осыған ұқсас жебе дайындауға пәрмен береді. Соғыс алаңында дұшпандар армиясынан шыққан әйелдердің батылдығы мен жауынгерлік тактикасын бақылаған Томирис ата-бабалардың жауынгерлік дәстүрін қайта жандандыруға шын кірісті. Сөйтіп, мыңдаған қыздардан құралған жасақ құруды тапсырады.

Кирмен болған қанды соғыс

Ұлы парсы патшасы Кир Орта Азияның солтүстік бөлігі мен Каспийдің екі жағында мекендеген тайпаларды бағындыруды жоспарлайды. Осы уақытта «Төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған Кир мықты стратег әрі ерекше сұлу массагеттік патшайым Томирис жайында естіді. Содан қанқұмар парсылардың билеушісі соғыс ашу мақсатында скифтердің патшайымына өзіне әйел болу жайында ұсынысты елшілерінен әдейі айтып жібереді.

Содан массагеттердің еліне келген елшілер Томирис патшайымға арналған бағалы сыйларын табыстап, патшаның әйелдікке алу туралы айтқан ұсынысына келісетінін білді. Кірдің өзіне емес, халқы мен жеріне құда түсуді ойластырғанын жақсы түсінген Томирис оның ұсынысынан үзілді-кесілді бас тартпады. Содан елшілері арқылы Кирге: «Кеш болмай тұрғанда осы жерден тоқта. Өз жерінде билігіңді жүргіз. Тіпті патшалардың патшасы, бейбітшілік патшасы болсаң да, бізбен соғысушы болма. Егер келісімге келмесең, онда мен сізге тойғанша қан ішкізетін боламын. Бұған соғыс рухының қылышымен ант етемін», – деп айтып жібереді. Сөйтіп, қулығын іске асыра алмаған парсы патшасы қаһарына мініп, массагеттерге қарсы соғыс ашады.

Біраз уақытқа созылған қанды шайқаста патшайымның күйеуі Рүстем мен оның көптеген жауынгерлері қайтыс болады. Тіпті осы сәтте Томиристің ескі досы дұшпандарымен келісімге келіп, шешуші айкаста өз әскерлерін ұрыс даласынан алып кетеді. Осылайша бір жағынан досы сатқындық жасаса, бір жағынан күтпеген жерден ұрыс алаңында кішкентай ұлы қаза болады. Әсіресе Томириске бауыр еті баласынан айырылғаны қатты соққы болып тиісе де, дереу жауға қарсы үлкен қол жинап, қайта шабуылға аттанады.

Скифтер мен парсылар арасындағы қанды шайқаста қос тараптан да көп адам қаза тапты. Ал ең соңғы шешуші сәтте Томирис жеті мыңдық массагеттік жауынгер-әйелдерден құралған әскерін соғыс алаңына алып шығып, ақырғы соққы беріп, жеңіске жетеді. Кірдің басын алған Томирис оны қанға толы сабаға салып тұрып: «Іздегенін қан еді... Ал ендеше тойғанша іш!» - дейді. Парсыларды ойсырата жеңген Томирис ұзақ жылдар әділ билік етіп, өзінің данышпандығымен, көрегендігімен халқын басқарады. Ал патшайым қайтыс болғаннан кейін оның орнына лайықты адам табылмай, массагеттерге бір мезетте үш билеуші билік жүргізген екен.

Грек шежірелерінде Томирис деп көрсетілгенімен, шын аты Тұмар болған патшайым әлем тарихында ұлы билеуші, мықты әскери стратег, ержүрек амазонка, данагөй адам ретінде қалды. Осылайша елі мен жерін сүйген, жауына қатал болған, Тәуелсіздік үшін күрескен сақтардың батыр әйелі Томирис патшайымның есімі ел аузында мәңгі қалмақ.

ШАЙТАН АРБА ШЫНДЫҒЫ



Қазекен велосипедке тек баланың ойыншығы ретінде қарайтыны рас. Себебі үйдегі кішкентай ес жиғаннан-ақ оның қуанышы үшін сыйға тартады. Дегенмен өзге елдердің бұл көлік түріне деген көзқарасы мүлдем бөлек. Өйткені еуропалықтар велосипедті жай серуендеуге ғана емес, кәдесіне жаратып, денінің саулығы үшін де мінетін көрінеді. Сондықтан қазақ «шайтан арба» атап кеткен осы көлік туралы сөз қозғамақпыз.

Жалпы велосипед адам күшімен қозғалатын көлік түрі. Оның нақты қай ғасырда пайда болғаны белгісіз. Бізге мәлімі 1817 жылы әйгілі өнертапқыш Карл фон Дрезге жылдам жүретін машина жасау туралы ой келеді. Оның алғашқысы екі үлкен доңғалақ отырғышпен жалғасатын, ал көліктің рөлі жоқ болған екен. Велосипедші доңғалақтардан шығып тұрған екі таяқтан ұстап отыратын көрінеді. Тіпті педальі де жоқ. Сондықтан адам аяғымен жерді итеріп отырады. Бастапқы да бұлай жүру сырт көзге күлкілі әрі қызық болғандықтан тұрғындар өнертапқышты мазак етіп, ішек-сілесі қатқанша күлетін. Алайда біршама уақыттан кейін тұрғындар арасынан дәл осындай көлік мінгісі келетіндер табыла бастаған. Осылайша оның негізгі атауы өнертапқыштың құрметіне «Дрезина» деп аталған екен. Артында халыққа бірден танылып, тіпті Париж бен Лондонда үлкен табысқа ие болады. Кейін Карл фон Дрез қайтыс болып, оның жаңалығы мүлдем ұмытылады. Басты себеп – көліктің толық жетілмегендігінен болатын.

Негізгі велосипедті бір деректерде 1869 жылы пайда болған дейді. Ал кейбірінде 1839 жылды көрсетеді. Бірақ оған нақты велосипед деген атау берген Пьер Мишо болса, 1863 жылы Парижде 19 жасар Пьер Лалман қазіргі велосипедке ұқсайтын ең алғаш көлік құралын жасап, 1866 жылдың қараша айында Америкаға барып, өзі жасап шығарған велосипедке патент алған. Бүгіндері осы бір көліктің әлем елдерінде алатын орны ерекше.

«Шайтан арбаны» шыр көбелек айналдыратындар көшін Финляндия бастап тұр. Бұл елдің жазы қысқа, қысы ұзақ болады. Осыған

қарамастан олар жыл сайын елдегі велосипед санын арттырып келеді. Тіпті оған арнайы жол салу үшін қомақты қаржы бөлетін көрінеді. Сондай-ақ елге ат басын бұрған жиһанкездерге велосипед ұсынады. Оған көрішілес орналасқан Норвегия да осы саясатты мықтап ұстанған. Одан кейінгі орында Чехия, Дания, Германия, Бельгия тұр. Мәселен, Данияда бір адам жылына велосипедпен 853 шақырым жолды артқа тастайды екен. Сонымен қатар Азияның Үндістан, Малайзия, Қытай секілді мемлекеттерінде велосипед мініп жүргендерден көз сүрінеді. Ал қазақта велосипедтің алатын орны қандай? Неліктен оны «шайтан арба» деп атаған?

Шындығында қазақтар өзідігінен жүретін техниканы жалпақ тілмен «шайтан арба» деп атап кеткен. Одан өзге айтарлықтай мағынасы да жоқ. Осы көзқарас әлі күнге дейін елде сейілмей тұр. Әрине бүгінде барлығы оны «шайтан арба» деп атамайтыны белгілі. Бірақ бұл атауды нақты кім қойғаны, тіпті оның біздің даламызға қашан келгені де беймәлім. Аталмыш көліктің адам денсаулығы үшін берер пайдасы зор. Ол алдымен аяқ бұлшық еттерін нығайтып, ағзаның қалыпты жұмыс жасауына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар қан айналымының дұрыс жүруіне оң әсерін тигізеді екен. Осындай көптеген игі ықпалы болса да, біздің елімізде «шайтан арба» шаңын шығарып жүргендер некен-саяқ. Мүлдем жоқ деп айта алмаймыз. Дегенмен денсаулыққа деген пайдасын көру үшін мініп жүргендер саны аз. Тек кейбіреулер күнделікті жұмысқа жай ғана барып-қайту үшін мінеді. Оған кешкілік арнайы уақыт бөліп, жаттығу жасап, серуен құрып жүргендерді көру қиын. Тіпті Қазақстан жолдарында онымен жүру қауіпті. Жолдың барлығы тар. Қалай десек те велосипед көздеген жерге жету үшін таптырмас көлік. Жанармайды да қажет етпейді, әрі денсаулыққа пайдалы. Түптеп келгенде дені сау ұрпақ тәрбиелеуде велосипедке жіті назар аударсақ, ешқандай артық етпесі анық.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншайбаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №131

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)